

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 8 қыркүйек N 1010. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1786 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік басқару органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмысалатын шығындарды қысқарту туралы" мемлекеттік жастар саясаты, туризм және спорт саласындағы міндеттерді іске асыру жөніндегі 1994 жылғы 3 тамыздағы N 874 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны 82-ден аспайтын етіп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт

министрлігіне Министрдің 3 орынбасарын, соның ішінде Министрдің бір бірінші орынбасарын, сонымен қатар II адамнан алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік женіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 8 қыркүйектегі

N 1010 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және

спорта министрлігі орталық аппаратының

Құрылымы

1. Жастар саясаты басқармасы (жетекші)

2. Туризм басқармасы (жетекші)
3. Спорттың олимпиадалық түрлері басқармасы (жетекші)
4. Қаржы-экономика басқармасы (жетекші)
5. Ұйымдастыру жұмысы және халықаралық байланыс басқармасы (жетекші)
6. Олимпиадалық емес және халықтың спорт түрлері бөлімі
7. Спорттық, туристік базалар мен жастар кәсіпорындарын техникалық пайдалану бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК